



ҚАСЫМЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

Қазақстанның Ресеймен қосылу туралы ешқандай жоспары болған емес

Осы аптаның басында Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев Парламент қабырғасында өткен Үкімет сағатына қатысып, депутаттар алдында есеп берді. Еліміздің сыртқы саяси ведомствосының басшысына депутаттар тарапынан қойылған сауалдар аз болмады. Соңғы кездері елдің сыртқы саясатына қатысты алыпқашпа әңгімелер әр жерде бір бой көрсетіп қалып жүр. Үкімет сағатына келген министр осыған байланысты депутаттық корпус алдында толыққанды ақпарат берді.

Депутаттарды қызықтырған сауалдың бірі азында айта білген АҚШ пен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас болды. Министрдің айтуынша, Қазақстан АҚШ-пен арадағы демократиялық әріптестік туралы хартия аясында саяси диалогты жалғастырады. Бүгінгі күні сыртқы саясат бағытында Қазақстан АҚШ-пен түрлі саладағы қатынастарына үлкен мән беріп келеді. Болашақта да осы жолдан таймайды. АҚШ мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райстун Қазақстанға сапары екі жақтың да стратегиялық әріптестікті дамытуға мүдделілігін көрсетті. Сондай-ақ министр Орталық Азияда экономикалық және саяси мүддесі басым АҚШ әскерлерінің бұл аймақта орнығуы заңдылық болуы тиіс деген ойын жеткізді.

Өз сөзінде Қасымжомарт Тоқаев: «Бұл АҚШ әскері осы аймақта мәңгілік қалып қояды деген әңгіме емес. Американың Мемлекеттік хатшысы елімізде болған кезінде де әскерді Орталық Азияда ұзақ мерзімге қалдыруға мүдделі емес екенін айтты», — деді. Көпвекторлы саясат ұстанып отырған Қазақстанның саяси кеңістігіндегі өткір мәселенің бірі үкіметтік емес ұйымдар еді. Бұл орайда министр Қазақстан өзінің ұлттық мүдделеріне жауап беретін ұйымдардың ғана қызметіне қатыстынын атап көрсетті. «Мемлекетіміз осы уақытқа дейін өз дәрежесіне сай келетін бағытты саясат жүргізіп келеді. Қазір және тағы болашақта болсын, қандай да бір елден төнетін қауіп-қатерді көріп отырған жоқпыз. Мәселелерді ымыралық негізде келіссөздер жолымен шешеміз. Мемлекетіміздің ұлттық мүддесі түсінікті және халықаралық құқықтың жалпы бірдей мойындалған нормаларына қайшы келмейді», — деді Қ. Тоқаев. Қазақстан сыртқы саяси бағыты бойынша «шашыраңқы» әрі шамадан тыс халықаралық ұйымдарға мүше деген сыны пікірлер жиі айтылатын. Министр бұл мәселеге де тоқталды. Оның айтуына қарағанда, Қазақстан сияқты ірі мемлекеттің бір ғана саяси орталыққа бағыт алуы жөнсіз болып табылады.

Жақында республикалық басшыларда «Қазақстан Ресейге қосылғалы жатыр» деген жайсыз хабар таратылып, бұған түрлі саясаттанушылар өз пікірін білдіріп еді. Сыртқы саясатқа жауапты министрдің қатысуымен өткен Үкімет сағатында бұл мәселе де назардан тыс қалмады. «Қазақстанның Ресейге қосылуы немесе ортақ мемлекет құру жоспарлары ешқандай болған емес және оның болуына да ешқандай себеп жоқ», — деді Қасымжомарт Тоқаев. Сыртқы істер министрі алдымен Орталық Азиядағы тұрақтылық кепілі болып отырған Қазақстанның Ресей, Қытай, АҚШ сияқты ірі мемлекеттерімен қарым-қатынасына тоқталып өтті. Сонымен қатар көршілес елдермен шекара мәселесінің реттелуіндегі жетістіктерді енгізе отырып, Қ. Тоқаев Қазақстан қауіпсіздігінің үлкен кепілі ретінде көршілермен жана сападағы ынтымақтастықты дамытуға жола ашқанын жеткізді.

«Көрші елдің саяси элитасы Қазақстан Ресейден ең сөнімді әрі жақын серігі еткен пікірді бекер айтпаса керек. Бұл — мызғымас достықтың белгісі. Алайда, кейбір арадашушылар екі мемлекеттің бірігуі мүмкін деген негізсіз лақап сөздерді таратып, екі ел арасына жақ салу арқылы ынтымақтастықтың бузуға тырысып бағады», — деді министр.

Орталық Азиядағы жетекші мемлекет ретінде Қазақстанның экономикалық ынтымақтастығы мен аймақтық ықпалдастығына балама жоқ. Қазақстан экономикасы үшін көрші елдер ең жақын және жақсы таныс табиғи нарық болып отыр. Алайда, Қазақстан халқы келеші, экономикасы құбылмалы мемлекеттер қоршауында тұрып дәулетті, дамыған мемлекет бола алмайды. Министрдің сөзіне қарағанда сауда және экономикалық ынтымақтастық аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздіктің басты кепілі болуы тиіс. Елбасының Орталық Азия мемлекеттері одағын құруды ұсынуы да сондықтан. Қасымжомарт Тоқаев бұл бастаманың шопалқ саяси пайданы көздемейтінін және тиісті елдердің егеменділігін нұқсан келтіруге бағытталмаған таза экономикалық жоба екенін атап көрсетті.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев үстеміздегі жылдың 18 ақпанында халыққа арнаған Жолдауында өңірдегі мемлекеттердің одағын құру туралы бастамасын жария етті. Жолдаудың «Өңірдегі жағдай туралы» тармағының мазмұнынан Орталық Азиядағы қазіргі жағдай Елбасын қатты алаңдатыны айқын аңғарылады. «Ұлы державалардың осы өңірде экономикалық басымдыққа ие болу жолындағы бәсекелестігін де байқап отырмыз» дегеннің астарында көп мәселе жатыр. Сол ұлы державалардың, яғни, ұлы күштердің тепе-теңдігін сақтау, олардың біреуіне басымдық беріп қою қиын салдарға ұрындыруы мүмкін. «Осы жаһандық геэкономикалық проблемаға қатысты дұрыс ұстанымда болуымыздың маңызы үлкен» деген ескертудің айтылуы жайдан-жай болмаса керек.

Орталық Азия одағы: мүмкіндік әлеуеті

«Біздің алдымызда таңдау тұр» дей келіп, Мемлекет басшысы соның мүмкін болатын нұсқаларын айтады: әлемдік экономиканың мәңгілік шикізаттық шылауы болып келесі бір империяның келуін күту немесе Орталық Азия өңірінің барынша интеграциялануына қарай қадам жасау. Осының соңғысы ұсыныс өзегіне айналып отыр.

Дәл осындай тұрпатта болмағанымен, өңірлік ынтымақтастық жөніндегі мұндай ұсыныстар бұрын да жасалғанын атай кеткен жөн. Бұл тұрғыда Орталық Азия экономикалық қоғамдастығын, тағы да басқа бірлестіктерді айтуға болады. Алайда, олардың тиімділігі жоғары бола қойған жоқ. Қазір енді өңір елдерінің өзара түсініспеушілігі мен кейбір қайшылықтарын былай қойғанда, сыртқы күштердің оларды өз ықпалында ұстау әрекеттері дөңдеп барады.

Бұрын ұсынылған интеграциялық жобаларды сәтсіздікке ұрындырған негізгі себептердің қатарында әлдеқайда тығыз бірлесу үшін нақты экономикалық алғышарттардың болмауы да, Орталық Азияның кейбір мемлекеттерінде жалпы қауіпсіздіктің нашарлауына байланысты тәуекелдің жоғарылығы да, экономикалық дамудың әрқелкілігі де аталады.

Қазір өңір елдері дамудың мүлдем жана сатысына шықты. Іс жүзінде барлық мемлекеттерде соңғы уақытқа дейін экономикалық өсу байқалып отыр. Дегенмен, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрделі қалыптасқандығын да білгілі және мұның өзі кейбір елдердің ішкі саяси қауіпсіздігін теріс әсер етуде. Осы жылдың бірінші жартысында Қырғызстанда, Өзбекстанда болған оқиғалар бұл елдерде әлеуметтік және саяси шиеленістің өсе түскендігін көрсетіп берді.


Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру туралы идеясы өңірдің өзге елдеріндегі әріптестеріне арналған айқын да нақты ұсыныс. Бастамада осынау орасан зор саяси жобаның болашақ нәтижелері тұжырымдалған: «Бұдан былайғы интеграциялануымыз — біздің өңіріміздің тұрақтылығына, прогресіне, экономикалық және әскери-саяси тәуелсіздікке апаратын жол. Және осы нәтижелер арқылы осы жолмен жететін түпкі мақсат — жана геостратегиялық күш орталығын құру мақсаты бейнеленген: «Тек осындай жағдайда ғана біздің өңірді әлем құрметтейтін болады. Тек сонда ғана біз қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, лаңкестік пен экстремизмге қарсы перменді күрес жүргізетін боламыз. Мұндай бірлестік сайып келгенде, біздің өңірде өмір сүріп жатқан қарапайым адамдардың мүдделеріне толық сай келеді» және таяудағы болашаққа арналған нақты саяси міндеттер анықталған: «Біз тығыз экономикалық интеграцияға көшуіміз және ортақ рынок пен ортақ валютаға қарай ілгеріміз керек». Одақтың құрылуы Орталық Азия өңірі халықаралық сахнада атқаратын рөлді күрт күшейтуі тиіс.

Қазақстан басшысы атаған міндеттерді әрі қарай тарататын болсақ, өңірдегі барлық елдердің күш-жігерін біріктірген жағдайда ғана шешуші мүмкін проблемалар жетіп жатыр. Солардың ішінде ерекше өткір қойылып отырғаны есірткі құралдарының траффигі, экстремистік діни ұйымдар белсенділігінің өсуі, лаңкестік қатердің өсуі, өңір елдерінің қалыптасқан экономикалық дамуына кедергі келтіріп отырған жоғары биілік эшелондағы сыйбайлас жемқорлық, жасырын көші-жон мәселелері.

Өңір елдеріне ортақ проблемаларды шешумен қатар әрбір тарап үшін интеграцияның жеделдетуі қажет болатын ішкі себептер де баршылық.

Біріншіден, Бишкектегі қазіргі биліктің алдында тұрған аса маңызды міндет елде ішкі саяси тұрақтылыққа қол жеткізу болып табылады. Қазіргі билік өзінің ішкі саяси мәртебесін арттырудың бір тетігі ретінде өңірдегі интеграциялық үрдістерді жеделдетуі ету мәселесін таңдап алуға мүдделі. Қырғызстан өзінің геосаяси ерекшеліктеріне қарай интеграцияға ең құлықты жақтардың бірі. Елдің сыртқы дүниеге бүкіл байланысы Қазақстан мен Өзбекстан арқылы жүзеге асырылады, экономикасының гидроэнергетика секірін салалары да көрші елдердегі тұтынушылармен тікелей байланысты. Қырғызстанның 800 мыңдай еңбек мигранттары ТМД елдерінде ақша табады жүр. Бұл елдің экономикасындағы инвестицияда Қазақстанның үлесі мол, бұл да ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай болып табылады.

Екіншіден, Өзбекстанның өңірлік ын-



тымақтастық жүйесіне қатысуы оның экстремизм көріністері мен лаңкестік қатерге қарсы тұрақтылық дәрежесін әлдеқайда арттырады. 2004 жылы Өзбекстанда бірқатар лаңкестік әрекеттер жасалды, ал 2005 жылы Әндіжан облысында үкімет әскерлері мен халықтың діни көңіл ауанындағы бөлігі арасында қақтығыс болды. Өзбекстанда және тұтастай өңірде діни экстремизмнің өршуіне басты себеп — әлеуметтік-экономикалық проблемалардың қордаланып қалушылығы. Елдегі күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуал саяси өркілдікті басып-жаншығаны үшін халықаралық қоғамдастық тарапынан сынга алынушылық Өзбекстанның саяси элитасын тығырыққа әкеп тірегендей. Саяси және экономикалық жедел реформа жүргізілмесе, егемен Өзбекстанның бұрынғыдай тұруы қиында түсетінін, тіпті қатер төнетінін Ташкент түсіне бастағандай. Өзбекстанның қазіргі саяси элитасы өзін сақтап қалу үшін де өңірлік интеграцияны қажет етеді.

Үшіншіден, Қазақстанның Орталық Азия өңіріндегі басқа елдерге қарағанда елулі бірқатар ерекшеліктері бар. Соңғы бес жылда елде ІЖӨ 50 пайыздан астамға өсіп, дағдарысқа дейінгі деңгей көрсеткішінен асып түсті. Қазақстан экономикасының қалпына келтіру үраісі аяқталды деп толық негізде айтуға болады. Енді саяси және экономикалық элитаның алдында одан әрі даму жолдарын іздестері міндеті тұр. 90-шы жылдардың ортасы мен аяғында іске асырылған әлеуметтік-экономикалық даму жобалары ел әдетін қалпына келтіруге мүмкіндік бергенімен, Қазақстанның Орталық Азиядағы көшбасшылық жағдайын орнықтыра түсу үшін өңірлік интеграция қарқынның жеделдетуі қажет. Қазір елдің саяси басшылығы көршілермен өзара ықпалдастық қағидаттарын өзгерту керектігінің алдында тұр. Көрші елдердегі тұрақтылық өз елінің ішіндегі тұрақтылықты сақтаудың ең

жақсы кепілі қызметін атқаратыны Қазақстанда дұрыс түсініледі. Өңірдің барлық елдерінің күш-қуаты мен ресурстарын біріктіру мемлекетаралық және бірлестікке әлемдік саясатта әлдеқайда сүбелі рөл атқаруға мүмкіндік береді. Ал Қазақстан өңірінде барынша жедел дамушы ел ретінде жана бірлестікте басым жағдайда болатыны белгілі.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Жолдауда: «Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан арасында жасалған мәңгілік достық туралы шарт осындай бірлесу үшін берік негіз бола алады» дей келіп, «Мен өңіріміздегі басқа елдерді де естен шығарып отырғаным жоқ» деп атап көрсеткен болатын.

Аймақтағы қордаланған проблемаларды сондағы мемлекеттер ғана шешуге тиіс және шешуге қабілетті. Өңірдің дамуын кедергілерін сыртқы күштер келіп жоғып береді деп ойлау қарабайырлық болар еді. Мұндай көзқарас Орталық Азия елдерін бөгде күш орталықтарына кіріптарлыққа қиліктіреді. Өңірлік маңызды барлық ұсыныс онай іске аса қоймайтыны белгілі. Өйткені, интеграция үшін негізгі қажеттіліктермен қатар белгілі бір объективті кедергілер де бар.

Тұрмыс деңгейіндегі айырмашылықтар. Мұның өзі өңірлік ынтымақтастықтың жоғары қарқынмен жүрмеуінің негізгі бір себебі болып табылады. Қазақстанның саяси элитасы интеграциялық үрдістердің жоғары қарқынды өңірдегі басқа елдер азаматтарының Қазақстанға көші-қонын жөнсіз ұлғайтуға соқтырады деп қауіптенеді. Елдің жалпы өнімін көршілермен бөлісу қажеттігі қоғамның қалың қауымына да ұнай қоймайды.

Шекара мәселелерінің шешілмегендігі. Өңір елдері басшыларының өзара жиі кездесетініне қарамастан, бұл елдердің шекараларында кейбір шиеленіс жағдайы сақталып отыр. Бұл проблема Әндіжан облысындағы мамыр оқиғалары кезінде барынша көрінді,

бұл тұста Қырғызстанның онтүстік аймағына қарай босқындардың өтіп кетуі орын алған болатын. Өзбекстан мен Қырғызстанның арасында барып-келудің бұрынғыша визалық тәртібі сақталып отыр. Қазақстан-Өзбекстан шекара учаскесіндегі жағдайды да тұраулы деп айту қиын. Қазақстанға жасырын түрде өтетін мигранттар үлесі өлі көп, осы уақытқа дейін екі ел баспасөзінде шекараны демаркациялау нәтижелеріне берілген теріс бақылау кездестіруге болады.

Шаруашылық қарама-қайшылықтар. Бұлардың ішіндегі ең есүлісі — Сырдария мен оның арналарының бассейніндегі су ресурстарын пайдаланудағы ынтымақтастықтың болшағы. Өңірде тұщы судың тапшылығы байқала бастады. Қырғызстанның бұрынғы басшылығы Өзбекстан мен Қазақстан ауылшаруашылық егіс жұмыстары кезінде пайдаланған тұщы суға ақы төлеу мәселесін қойған болатын. Бұл проблеманың шешімі әлі табыла қойған жоқ. Сондай-ақ қысқы кезеңде Токтағұл ГЭС-інен су жіберуді азайтқаны үшін Қырғызстанға энергиямен қарайласу мәселесі қойылған болатын. Ал судың көп жіберілуі Қызылорда облысында тасқын қаупін күшейтті. Бірақ Қырғызстан ГЭС-тен жіберілетін суды азайтқан жоқ, өйткені оған шығарылатын энергия Қырғызстанның онтүстігіндегі тұрғын үйлерді электрмен жылыту үшін пайдаланылды.

Әрине, бұл қарама-қайшылықтарды еңсеруге әбден болады. Өйткені, интеграцияны қажет еткен себептер бұлардан гөрі әлдеқайда маңызды. Қазақстан және оның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев неліктен Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру идеясының бастамашысы болып отыр деген сұрақ та көп ой салады. Егер оған берілген жауаптарды жан-жақты сараптап көрсек болсақ, Қазақстанның өз бас пайдасын ойлағаннан гөрі, өңірлік мүддені басшылыққа алғанын түсіну қиын емес.

Біріншіден, Қазақстан саяси және экономикалық реформаларды жүргізудегі көшбасшы ел ретінде тұтастай алғанда өңірдегі ахуал үшін өз жауапкершілігін жете сезінеді. Әрине, өңірлік көшбасшы елдер тобына кіру Қазақстанның саяси элитасын өзгерт қалдыра алмайды. Бұл үшін өңір елдеріндегі оқиғалар барынша жауапкершілікті бөлісе білуді үйрену секілді маңызды қадам жасау талап етіледі.

Екіншіден, Қазақстан үйрену үшін, еліктеу үшін модель болуға қабілетті және болып та отыр. Қазақстандық реформалар уақыт сынағында тексеріліп, төтеп берді, сондықтан да еліміз әлеуметтік, экономикалық және саяси реформалауды әлдеқайда тиімді жүзеге асыруда басқа мемлекеттерге көмек көрсете алады. Бұл жайт өңір елдерінде саяси және экономикалық серпінділіктің артуы жағдайында өсіресе құнды бола түседі.

Үшіншіден, Қазақстан экономикалық саладағы проблемалардың жиынтығын тиімді шеше алатын өңірдегі бірден-бір ел болып табылады. Мәселен, Қырғызстан экономикасын инвестициялай отырып, Қазақстан бұл елдегі экономикалық тұрақтылықтың негізгі факторына айналды. Әрине, мұндай жағдайды Қазақстан басқа елдердегі саяси және экономикалық жанарудың демеушісі болып отыр деп қарастыруға себеп емес. Қазақстан инвестор ретінде әрекет етуге қабілетті. Өңірлік дамудың көптеген маңызды жобалары тең негізде қатысу арқылы жүзеге аса алар еді.

Төртіншіден, қазақстандық элита өңірлік, жаһандық категориялармен ойлауды үйренді. Қазақстандық бизнес қызметі саласының кенені, Қазақстан капиталының өңірдегі басқа елдердің қаржы алаңына жайлап басып кіруі соның дәлелі бола алады. Өңір бойынша әріптестермен жұмыс істеуі өңірдің саяси және экономикалық элитасын көрші мемлекеттерде туындап жататын саяси тәуекелдерді ескертуге үйретеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясы жаһандық экономикаға интеграциялануға сәйкес қазақстандық бизнесті дамытудың жана стратегиясын қалыптастырады және кең ауқымда алатын болсақ, элита дамуының жана деңгейін белгілейді. Өйткені, Қазақстанның іскер топтары қазірдің өзінде даму үшін кеңістіктің жетіспеушілігін сезіне бастады. Орталық Азия — қатан халықаралық бәсекелестік жағдайында қажетті жұмыс тәжірибесін алудың ең қолайлы полигоны.

Өңір елдерінің интеграциялық ықпалдауы мүмкіндігі өте кең. Әрбір ел аймақаралық ынтымақтастықтан көп пайда көретіні сөзсіз. Сондықтан да Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру туралы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы дер кезінде жасалғандығын атап көрсету қажет. Өңірдің барлық жетекші елдерінде жан-жақты интеграция үшін алғышарттар пісіп-жетілді. Таяудағы болашақта ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мына жобалар бола алар еді:

■ **Одаққа мүше елдер азаматтарының қозғалысын жеңілдету, визаларды алып тастау;**

■ **Орталық Азия елдерінің бірыңғай валютасын енгізу;**

■ **Одақ елдерінің біртұтас экономикалық кеңістігін құру;**

■ **Өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру құрылымдарын құру;**

■ **БСУ-ға кіру жөніндегі іс-әрекеттің үйлестірілуі;**

■ **Өңірдегі экологиялық проблемаларды және бірлесіп су пайдалану проблемаларын шешу.**

Өңірдегі елдердің арасында көптеген саяси арылуға жағдай жасайды. Бірігуі өңірлік қауіпсіздік пен саяси тұрақтылықты әлдеқайда тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Орталық Азия өңірінде тағы бір интеграция орталығының пайда болуы ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕурАз-ЖЭ аясындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру түсетіні сөзсіз.

Қазақстан Президентінің бастамасы әлемнің көптеген мемлекет басшылары мен саясатшыларының назарын аударды. Ұлыбританияның Премьер-министрі Тони Блэр: «Қазақстанның табыстары Орталық Азияның басқа елдері үшін тамаша өнеге қызметін атқарады» десе, неміс БАҚ-тары мұндай одақ Орталық Азияның беделін арттыра түсетінін жарыса жазады. Мұндай пікірлер АҚШ-тың сенаторлары, Ресейдің экономистері мен саясатшылары тарапынан да айтылууда.

Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру өңір елдері экономикасының нығаюына, әлемдік рынокта шикізаттық маманданду арылуға жағдай жасайды. Бірігуі өңірлік қауіпсіздік пен саяси тұрақтылықты әлдеқайда тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Орталық Азия өңірінде тағы бір интеграция орталығының пайда болуы ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕурАз-ЖЭ аясындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру түсетіні сөзсіз.

